

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

Тәрбие сағаты

Тақырыбы : Тіл-достық көпірі

Сынып жетекшісі Каримсаков А

2025-2026 оқу жылы

Тәрбие сағатының тақырыбы: Тіл-достық көпірі

Мақсаты

Тілдің достық пен ынтымақтастықтағы маңызын түсіндіру

- Балаларды тілге құрметпен қарауға тәрбиелеу

- Ұлтаралық достықты насихаттау

Ана тілінің байлығын шешендік сөздермен, мақал-мәтелдер арқылы оқушының ой-өрісін дамыту

Тіл тазалығын сақтауға, мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қанатты сөздер, слайдтар, суреттер.

Ұйымдастыру кезеңі.

Өткізу барысы.

Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен оқушылар! Бүгінгі өткізіліп отырған, «Тіл-достық көпірі» атты, ашық тәрбие сағатына қош келдіңіздер!

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, мемлекеттік тіл - қазақ тілі болып бекітілді. «Адамға екі нәрсе тірек-тегі екен. Оның бірі- тіл, бірі –дінің жүректегі» деп, Жүсіп Баласағұн айтқан. Тіл қашанда қастерлі, құдіретті. Шыр етіп дүние есігін ашып, ана сүтімен сусындаған сәттен ақ, ана тілін менің тілім – менің мақтанышым деп қабыл аламыз. Атадан балаға, ұрпақтан- ұрпаққа мирас болып отырған мұра.

Ана тілін жырламаған ақын жоқ.

Ана тілі ол – қазақ тілі, мемлекеттік тіл. Ана тілімен қоса қазір басқа елдің тілінде білу керек. Мысалы: ағылшын, орыс тілі немесе басқа тіл. Дегенмен де, біздің ана тіліміз тілдердің ішінде өте бай, көркем.

Жоспар бойынша сынып сағаты 4 бөлімнен тұрады.

I-ші: Топқа бөліну.

Әр топтың командирлері өздерін таныстырады. (топтың аты)

1-ші топ : Сұңқар

2-ші топ: Қыран

II-бөлім: тілім барда білмеймін мен қайғыны деп аталады. (Тіл туралы тақпақтар мен қара сөздерді жатқа айту.)

1-ші оқушы: Ибрахим

Тіл менің – тірлігімнің айғағы.

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Тілім өссе, менде бірге өсемін

Тілім өшсе, менде бірге өшемін.

2-ші оқушы: Дариға

Тіл – ұлттық мұра.

Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кесін келбеті. Н.Назарбаев өзінің жолдауында «Ұлттық тіл қазақ ұлтының мәдени, рухани байлығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші қасиетті құрал» деген. Сондықтан, біздің мемлекеттік тіліміз дүние жүзіндегі ең бай, беделді тілдердің қатарына жатады.

3-ші оқушы: Жеңіс

Туған тілім деп өссе екен тілегім,

Жаман істің бермесе екен түнегін

Жалғыз жаннан дем үзіліп кетсе де,

Туған тілім деп соқса екен жүрегім.

4-ші оқушы: Аяулым

Тілім менің ғасырлардан аманат,

Аманатқа адал болсын қанағат,

Ар-намысқа келтірмейік жаман ат

Қазақ болып туылдың ба, ендеше

Өз тіліңді өзгелерге бағалат.

5-ші оқушы: Әмирхан

Үш кемеңгер дүлділім,

Сақтаған ел бірлігін.

Қалың елім пір тұтар

Қасиетті үш бабам

Тілім туралы не айтар?!

6-ші оқушы: Балзия

Төле би: Әр бір тілде сөйле, әлемді таң кылып,

Ана тілін білмеу қандай заңдылық

Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда,

Қазақ тілі жасау керек мәңгілік.

7-ші оқушы: Мирас

Қазбек би: Жетер енді, әркімге бір ермейік,

Қазақ болып құлашты кең сермейік.

Қанға сіңген ана тілің, халқым-ай

Шұбарлауға ешқашан жол бермейік.

8-ші оқушы: Елнұр

Әлтеке би: Қазақ қазақ болғалы,

Тіл үшін күрес – көргені.

Көргені көп тілімнің,

Мүмкін емес өлмегі.

9-шы оқушы: Нұрайым

Ата – анамды таныстырған- осы тіл,

Танымасты таныс қылған- осы тіл.

Төле би боп, Қазбек би, Әлтеке би боп,


Бітпес дауды ығыстырған осы тіл.

10-шы оқушы: Ақкенже

Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Қазақстан Республикасының елтаңбасы, ән ұраны, туы, өз тілі бар. Мемлекеттік тіліміз

– қазақ тілі. Содықтан, қай елде, қай жерде жүрсек те өз тілімізді ұмытпағанымыз жөн болар.

Көрініс: «Тілден қымбат қазына жоқ»



Жүргізуші: Әр адам өз ана тілімен бақытты. Әрбір қазақ баласы мақал-мәтел, жаңылпаш, жұмбақ, ән-жыр айтып, сөзік қорын молайтқан. Сондықтан да, III-бөлім «атаның сөзі- ақылдың көзі» (мақал-мәтелдің жалғасын табу, слайд)

1-топ:

Тіл тас жарады... (тас жармаса бас жарады)

Шебердің қолы ортақ ... (шешеннің сөзі ортақ)

Бал тамған тілден... (у тамар)

Бас кеспек болса да ...(тіл кеспек жоқ)

Ана сүті бой өсіреді...(ана тілі ой өсіреді)

Сөз тапқанға ... (қолқа жоқ)

Ең тәтті, ең ащы, ең жұмсақ... (тіл)

2-топ:

Тіліңмен жүгірме... (біліммен жүгір)

Айтылған сөз атылған ... (оқпен тең)

Аңдамай сөйлеген ... (ауырмай өледі)

Басқа пәле... (тілден)

Жеті жұрттың тілін біл... (жеті түрлі ілім біл)

Кісінің көркі киім емес... (білім)

IV- бөлім: Сұрақ-жауап.

- 1) Тұңғыш президент күні? (1 желтоқсан)
- 2) Елбасымыздың жақында шыққан жолдауы қалай аталады. (Нұрлы жол- болашаққа бастар жол)
- 3) Тіл туралы заң қашан қабылданды (1997 жыл)
- 4) Тәуелсіздік күні қашан тойланады? (16 желтоқсан)
- 5) Ана тілі оқулығы қай баспада шыққан? (Атамұра)
- 6) Сәкен Сейфуллиннің туғанына неше жыл? (120 жыл)
- 7) «Жусан иісі» кімнің шығармасы? (С.Мұратбеков)
- 8) Біз қай мемлекетте тұрамыз? (Қазақстан)
- 9) Рәміздерді ата. (ту, елтаңба, әнұран)
- 10) Ең асыл жан? (ана)
- 11) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ? (қазақ тілі)
- 12) Ұлы Отан соғысының аяқталғанына неше жыл?
- 13) Бес асыл істі ата. (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым)
- 14) Әнұранның авторлар. (н.Назарбаев, Ш.Қалдаяқов, Ж.Нәжімеденов)
- 15)Ер Жәнібектің туғанына неше жыл? (300 жыл)

Жүргізуші:

Қастерле қазақтың ана тілін,
Қайнаған қаныменен баба тілін,
Бірлікке, татулыққа ұран болған
Бұрынғы тектілердің дана тілін,- дей келе қорытынды сөзді Ғалия
Мадиханқызына береміз.

Қорытынды: Слайд.

«Жаса Қазақстан» әні Р.Мамытов.